Түркістан облысы
Жетісай ауданы
Қызылқұм ауылдық округі
ӘКІМІНІҢ ӨКІМІ

Туркестанская область
Жетысайский район
РАСПОРЯЖЕНИЕ АКИМА
Кызылкумского сельского округа

160537 Қызылқұм ауылы
тел: 42-69

«12» 01 2026 ж №2-01/нқ

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабының 4,5-тармағына сәйкес (әрі қарай – Заң) **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1.Мемлекеттік мүліктің тізілімі дереккорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша сатып алу қызметтері үшін "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасы Ж. Оспановтың 11 қараша 2024 жылғы № А-СТЛ/24-2074 шығыс хатына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағына сәйкес ФЛБ-ға (Форматты-логикалық бақылау) сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшалары негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2.Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты әкімшілік ғимаратын және теңгерімдгі көше жарықшамдарын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында "Оңтүстік Жарық Транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағы ФЛБ (Форматты-логикалық бақылау)-ға сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы, 29-бабы 2-тармағы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

3.Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты әкімшілік ғимаратының ауыз су беру бойынша қызмет көрсетулер «Жетісай су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағы ФЛБ (Форматты-логикалық бақылау)-ға сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы, 29-бабы 2-тармағы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

Scanned with CamScanner

4.Табиғи газды құбыр желілері арқылы тасымалдау қызметтерін көрсету бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде "QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамымен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдана отырып сатып алу ұйымдастырылсын.

5.Жетісай ауданы Қызылқұм ауылдық округінде қауіпті емес қалдықтарын әкету (жинау) жөніндегі қызметтер күн сайынғы қажет ететін тіршілікті қамтамасыз етуге байланысты болғандықтан, екі айға Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

6.Мемлекеттік сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

7.Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

8.Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

9.Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

10.Осы өкімге қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қызылқұм ауылдық округі әкімі: **Д.Асхарұлы**

Scanned with CamScanner